

Түркістан облысы
Төлеби ауданы
«Бәйшешек» бөбекжайы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

04-05

Педагогикалық кеңесінің хаттамалары және олардың құжаттары

Тұрақты
16 тармақ (9)

Қағаз жеткізгіштегі құжаттар
және олармен бірдей
электрондық құжаттар

Басталуы 2021-2022 оқу жылы

2022-2023
оку жылы

Педагогикалық кеңестің хаттамалары (ПК)

№1 хаттама

Откізілген орны: "Бәйшешек" бөбекожайы

Откізілген күні: 31.08. 2022 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 12 адам

Қатысқаны: 12адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1. Жаз мезгіліндегі жұмыстардың қорытындысы.**
- 2. Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстыру**
- 3. 2022 -2023 жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту.**
- 4 . Бөбекжайдағы топтардың жасына қарай музика, дене шынықтыру іс-әрекетінің қызыметінің кестесін, перспективалық жоспарды,күн тәртібін және үлгілік оқу жоспарын бекіту.**
- 5. Жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысы.**
- 6. Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаны құру сапасын талдау.**
Баяндама 15 минут. Қаулылармен таныстыру 15 минут. Жарыссөзге шығу 15 минут. Анықтама беру 15 минут.
Жалпы уақыт: 1 сағат 30 минутта кеңес отырысын аяқтау.

Сөйлемді: Педагогикалық кеңесті бөбекжай менгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркепқызы ашып беріп, педагогикалық қызыметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

Тындалды: Күн тәртібіндегі қаралатын бірінші мәселе бойынша шаруа менгерушісі Арсланова Альмира бөбекжайдың жаз мезгілінде жасалған жұмыстардың қорытындысы туралы айтты. Бөбекжайдың ауласын, топтарды, асхананы, дәліздерді әктеу, сырлау жұмыстарының жүргізілгенін айтты.

Жарыссөзге шыққандар : бөбекжайдың әдіскері Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлемп, жаз мезгілінде күн тәртібі, жоспарға сай ойын-сауық іс-шаралар жоспарлары бекітіліп, жүргізілді. Қауіпсіздік ережелерін сақтап ойын-сауықтар өтті.

Жетістіктер, кемшіліктер сол уақытысында айтылып, талданып отырды.

Тындалды: Күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова Ақбота сөйлеп, Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оку жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстырыды. Жаңа стандартта оку қызыметтерін өткізуде көп өзгерістер енгізілгенін түсіндіріп, ұйымдастырылған іс – әрекеттің қалай жүргізілетіні туралы айтты. Апталық жүктемелер болмайтынын, балалармен ойын түріндегі іс – әрекеттер өткізу жайлыш түсіндірді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде де не туралы айтылғаны, қандай бағыттар берілгені жайлыш айтып, түсіндіру жумысын жүргізді. Биылғы оку жылына арналған әдістемелік нұсқау хатта жаңа стандарт пен модель бойынша жұмыс жүргізуіміз керектігі айтылғанын, ұйымдастырылған іс – әрекеттерді ойын түрінде, сонымен қатар жаңа технологиялар қолдану арқылы өткізуге тапсырма берді.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Турдалиева Гулжан биылғы 2022-2023 оку жылында тәрбиешілер қандай құжаттар жүргізу керектігі туралы сұрады.

Тәрбиеші: Кудайбергенова Куляш ұйымдастырылған іс - әрекетті ойын түрінде өтудің жолдары туралы сұрақ қойды.

Сейледі: әдіскер Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, биылғы жылғы жаңа стандарттағы өзгерістер бойынша тәрбиеші 3 құжат жүргізуі қажет, яғни перспективалық жоспар, циклограмма, балалардың жеке даму картасы деп атап өтті.

Және ойын түріндегі ұйымдастырылған іс – әрекет туралы сұраққа жауап берді. Улгілік оку бағдарламасындағы міндеттер бойынша перспективалық жоспар күрылатынын, міндеттерді орындау үшін балаларды ойната отырып, балаларды дамытып, күнделікті іс – әрекеттерді кіріктіріп өту керектігін айтты. Ұйымдастырылған іс – әрекетке жүктеме, сабак кестесі болмайтынын түсіндірді.

Тындалды: Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша бебекжайдың менгерушісі Тұргунбекова Ақмарал Есиркепқызы сөйлеп, бебекжайдың 2022-2023 оку жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырыды. Жылдық жоспардың мақсат, міндеттерімен және атқарылатын оку тәрбие жұмыстарының мазмұнымен, ертеңгіліктердің, педагогикалық кеңесте оқылатытын кеңестердің тақырыптарымен таныстырып, айтып өтті. Биылғы оку жылында балалардың денсаулықтарын сақтау бойынша кеңестер, ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізуге әдістемелік көмек көрсетілетінін айтты. Педагогтар танысып болған соң, бірауыздан келісітіндерін білдірді.

Тындалды: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, балабақшадағы топтардың жасына қарай тек қана мектепалды даярлық тобының іс – әрекет кестесімен,

перспективалық жоспармен, күн тәртібімен таныстырып бекітуге ұсыныс айтты. Сонымен қатар апталық циклограмма жазу үлгісіне тоқталып, айтып етті.

Жарысsezге шыққандар: тәрбиеші Турдалиева Гулжан сөйлеп, үйымдастырылған і – әрекет кестесі болмаса, онда күнделікті оқу қызметін қалай үлгеруге болады деген сұрақ қойды.

Тәрбиеші Наримбаева Улжалгас, сөйлеп, кіріктіріп өткенге «Тәй – Тәй» технологиясына ұқсатып, ойын аймақтарын жасап, дамытушы ортаға ойындарға арналған материалдар жасайық деген ұсыныс айтты.

Ұсыныстарды педагогтар қолдап, бекітілсін деген пікір білдірді.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша медбике Потапова Наталья сөйлеп, жаңа оқу жылында топтардың жұмысын үйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысын айтты. Топтардың жұмысында санитарлық талаптар сақталу үшін әр топта жүргізілген дайындық жұмыстарының қандай дәрежеде орындалып тұрғаны туралы анықтама берді. Мектепке дейінгі білім беру үйымдарына койылатын санитарлық ережелермен қызметкерлер түгел таныстырылып, сол талап бойынша дезинфекциялау қолдану құралдарының толық болуы қамтамасыз етілді. Топтардың, асхананың, бөбекожай ғимаратының басқа жұмыс бөлмелерінде дайындық жұмыстары жақсы деңгейде екенін айтты.

Жарысsezге шыққандар: шаруа менгерушісі Арсланова Альмира сөйлеп, балабақшадағы, топтардағы тазалық талаптары туралы айтты.

Тыңдалды: Күн тәртібінде қаралатын алтыншы мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота сөйлеп, Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаның жинақталуы туралы сөйлемді. Балалардың жан – жақты дамып, өсуіне дамытушы ортаның толық жабдықталуының маңызы зор екенін айта келе, ойын бұрыштарының, кітап бұрышы, ұлттық бұрышы, дамытушы ойыншықтар бұрыштарының толық емес екенін айттып, жаңалап толықтыруға ұсыныс айтты.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Жаз мезгіліндегі жұмыстардың қорытындысы «жақсы» деп бағалансын.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрігімен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысындағы, бүйріқтарында, нұсқауларында көрсетілген талаптар орындалсын.
3. 2022 -2023 жаңа оқу жылының жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Бөбекожайдағы топтардың жасына қарай үйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі, перспективалық жоспар, күн тәртібі бекітілсін.

5. Жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысы жақсы деп бағаланып, санитарлық талаптарды сақтау бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
6. Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаны құру дидактикалық материалдармен және ата-аналармен бірлесіп кітап бұрышы құрылышын.

Педагогикалық кеңес жаңайтының

жетекшісі

А.Е.Тургунбекова

А.Е.Бектемирова



Педагогикалық кеңестің қаралатының (ПК)

№2 қаралаты

Откізілген орны: "Бәйшешек" бөбекжайы

Откізілген күні: 23.11.2022 жыл.

Педкенес мүшелерінің барлығы: 10 адам

Катысқаны: 10 адам

Катыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібіндегі қаралатының мәселелері:

1. Откен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
2. «Денсаулық» бұрышының жабдықталуы және таңертенгілік жаттығулар кешенінің, ұйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы. Байқаудың қорытындысы
3. Баяндама: «Баланың балабақшаға бейімделуде тәрбиешінің жұмысын ұйымдастыру ерекшелігі» тәрбиешілерге кеңес
4. «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекетінің тақырыптық тексеру қорытындысы

Жалпы уақыт: 1 сағатта кеңес отырысын аяқтау

Сөйлемді: Педагогикалық кеңесті бөбекжай менгерушісі Турғунбекова Ақмарал Есиркеңкызы ашып, күн тәртібіндегі қаралатының мәселермен таныстыруды.

№1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы сөйлемді. 2022-2023 оқу жылдарының жылдық жұмыс жоспары, топ бойынша жылдық жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері бекітіліп, жүргізіліп жатқанын айтты.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, «Денсаулық» бұрышының жабдықталуы тақырыбында бақылаудың нәтижесі туралы және таңертенгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, ұйқыашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы туралы сөйлемді. Органғы «Балапан», «Балбөбек», ересек «Звездочка», мектепалды даярлық «Вишенка» топтарындағы «Денсаулық» бұрышының жабдықталуы тексерілді. Барлық топта денсаулық бұрышы бар, обруттар, кеглилер, кедергілер, арқан, секіргіштер т.б. құралдар бар, дегенмен тағыда қосымша спорттық құралдар, (доптар ескірген) жаңа доптар қажет екенін айтты. Таңертенгілік жаттығулар кестедегі күн тәртібі бойынша жасалынып жатыр.

Тындалды: Күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова Ақбота тәрбиешілерге кеңес ретінде «Баланың балабақшаға бейімделуде тәрбиешінің жұмысын ұйымдастыру ерекшелігі» тақырыбында баяндама оқыды.

Баланың балабақшаға бейімделу кезінде балаға қалай көмектесу керек?
Балалардың өзі - өзіне сену сезімін қалыптастыру
Бейімделу кезеңінде негізгі міндеттінің бірі – балада өзі - өзіне сену сезімін қалыптастыру болып табылады. Бұл үшін келесі іс - әрекеттерді орындау қажет:

1. Балаларды бір - бірімен таныстыру, бір - біріне жақындастыру;
2. Тәрбиеші мен баланың танысының, баламен тәрбиеші арасында сенімділік орнату;
3. Топпен және балабақшамен танысу;
4. Балабақша қызметкерлерімен танысу;

Осының барлығы, яғни айналамен таныстру ойын түрінде жүргізілуі тиіс.

Балаларды бір - біріне жақындастыруға бағытталған ойындар

1. Кел, танысайық!

Балалар тәрбиешімен бірге шенберде тұрады. Тәрбиеші қолына доп (доп жеңіл, әдемі болуы керек) алады. Бала допты қағып алып, өзінің атын айтыш, келесі балаға береді, ойын осылай жалғасады.

2. Көпіршіктер!

Балалар орындықта жартылай шенбер болып отырады. Тәрбиеші бір баланың жаңына барып «Сенің атың кім?» атынды қатты дауыспен барлығы есітетіндей етіп айтыш деп сұрайды!» Бала өзінің атын айтады. Тәрбиеші баланың атын қайталап, қолынан ұстап, келесі балаға келеді, осылай барлық бала кезекпен бір - бірінің қолдарынан ұстап тәрбиешімен жүреді. Алдымен ойынға құштарланып тұрған балаларға барған жөн. Егер бір бала ойнағысы келмесе қинаудың қажеті жоқ. Олар ойынды бақылап отырып, ойынға қызығып өздері ойынға қосылады.

Балалар үлкен шенбер болады. Тәрбиеші, «қарандаршы бізде қандай үлкен көпіршік сияқты шенбер пайда болды! Қарандаршы, біз қалай көпіз.- Ал енді кішкентай шенбер жасаймыз».

Балалар тәрбиешімен тығыз шенбер жасап, көпіршікті үрлей бастайды.

3. «Кімнің дауысы?»

Балалар жартылай шенбер жасап отырады, ойын бастауға бір бала шығып, балалардың артында тұрып бір баланың атын атайды, балалар кім екенін табады. Ойын осылай жалғасады.

Балаларды балабақшаға бейімдеу барысында балаларды балабақшада жұмыс жасайтын қызметкерлермен таныстыру мақсатында ойындар жүргізу керек. Әр баланы таңертеңгі қабылдауда жылы қабақпен қабылдау.

Үнемі ата - анамен тығыз байланыста болу керек-деп баяндамасын аяқтады.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота сөйлеп, «Дене шынықтыру» іс-әрекетінің барысы туралы тақырыптық тексеру қорытындысы туралы сөйлемді. «Дене шынықтыру» іс-әрекеті «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасына » сәйкес органды «Балапан» (3-жаста), органды «Балбебек» (3-жаста), ересек «Звездочка»(4-жаста), Мектепалды даярлық «Вишнека»(5- жаста бастап) топтарында жас ерекшеліктеріне сай жоспарланып өтілуде. Күнделікті

ұйымдастырылған әс-ірекеттің өтілу барысын бақылау кезінде кемшіліктері айтылып, кемшіліктер дер кезінде жойылып, талапқа сай өткізіліп жатыр.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімі «жақсы »деп бағалансын.
2. «Денсаулық» бүршішінің жабдықталуы және таңтеренгілік жаттығулар кешенінің, үйқышашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы жалғастырылсын.
3. «Баланың балабақшага бейімделуде тәрбиешінің жұмысын ұйымдастыру ерекшелігі» атты баяндама айтылған мәселелер тәрбиелік шараларда колданылсын.
4. Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің тақырыптық тексеру қорытындысы «жақсы»деп бағаланын.

Педагогикалық кеңес тарихында



— А.Е.Тургунбекова

— А.Е.Бектемирова

Педагогикалық кеңестің хаттамалары(ПК)

№3 хаттама

Откізілген орны: "Бәйшешек" бебекжайы

Откізілген күні: 27.01.2023 жыл.

Педкенес мүшелерінің барлығы: 10 адам

Қатысқаны: 10 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
2. Баяндама «Балабақшадағы ойынның педагогикалық маңызы»
- 3.Балалардың шығармашылық құзіреттілігін дамыту мақсатында «Қыс келбеті» сурет көрмесінің қорытындысы
- 4.Балалардың жарты жылдық білімінің қорытындысы

Жалпы уақыт: 1 сағатта кеңес отырысын аяқтау

Сейледі: Педагогикалық кеңесті бөбекжай менгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркеңкызы ашып, күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстырыды.

№2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы сөйлемді.Дене шынықтыру іс-әрекетіне қажетті құрал жабдықтардың толықтырылыш жатқанын айтты.

Тыңдалды : күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота «Балабақшадағы ойынның педагогикалық маңызы» тақырыбында баяндама оқыды.

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрлі ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жана шырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабактарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады. Қазақ аудиоз әдебиетіндегі, әсіресе, балалар фольклорын дамытушы негізгі бір сала – балалар ойыны. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше.

Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік

пен сезім әлеміне сұнғиді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы үғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Оның үстінде дene қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Қорыта келе, ойынның өзі бала үшін біліктін, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Балаларға ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәтте естен шығармағандары абыз. Өйткені жас бұлдіршіндер ойнайды да, күле де, ойлайды да білсін! - деп тәрбиешілерге арналған ақыл - кенестер, ұсыныстар айтып сөзін аяқтады.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бебекшайдағы тәрбиешісі Жунисбекова Ақдидар сөйлеп, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, қыс мезгілінің ерекшеліктерін ажыратада біліп, қыс бейнесін бейнелеп үйрену мақсатында өткізілген «Қыс келбеті» сурет көрмесінің қорытындысы туралы сөйледі. Мектепалды даярлық «Вишенка», ересек «Звездочка», ортаңғы «Балапан» және органды «Балбек» тобының балаларының арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Балалар өз ой-киялдарымен «Қыс келбеті» тақырыбында суреттер салды. Қыс мезгілінің кереметін, қыс мезгіліндегі ойындарды қағаз бетіне түсірді. Балалардың жұмыстары көрмеге қойылып, топтар арасында орындар беріліп, мақтаулар жүргізілді. Балалардың сурет салуға деген қызығушылықтары артқанын айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, балалардың құзыреттілігін қамтамасыз ету, аралық мониторинг нәтижесі туралы сөйледі. Балалардың білімі күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттер биылғы стандарттағы өзгерістермен талапқа сай жүргізуіне байланысты жақсы көрсеткіштер көрсеткенін айтты. Ал қабілеті төмен балалармен жұмыстар жүргізілгенін айтты.

Педагогикалық кенестің шешімі:

1. Откен педагогикалық кенестің шешімінің орындалуы «жақсы» деп бағалансын.
2. Баяндама «Балабақшадағы ойынның педагогикалық маңызы» атты баяндама айтылған мәселелер, кенестер және ұсыныстар тәрбиелік шараларда қолданылсын.
3. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында «Қыс келбеті» тақырыбындағы сурет көрмесі жалғастырылсын.
4. Балалардың жарты жылдық білімінің қорытындысы «жақсы» деп бағаланып, оқу тәрбие жұмыстары жалғастырылсын.

Педагогикалық кенес жариялышы



- А.Е.Тургунбекова

А.Е.Бектемирова

Педагогикалық кеңестің хаттамалары(ПК)

№4 хаттама

Откізілген орны: "Бәйшешек" бебекжайы

Откізілген күні: 30.03.2023 жыл.

Педкес мүшелерінің барлығы: 10 адам

Қатысқаны: 10 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Откен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
2. **Дөңгелек үстел.** "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын оқып үйрену" (2020жылғы 24-қыркүйек №412бұйрығы)
3. «Баланың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары»
- 4". Оку - тәрбие жұмыстарының откізулу барысы туралы
5. Дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру корытындысы

Сөйлемді: Педагогикалық кеңесті бөбекжай менгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркепкізы ашып, күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстыруды.

Откен №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы айтып өтті.

Сөйлемді : Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер

Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлемп, «Үлгілік оку бағдарламасын оқып үйрену» тақырыбында бір – бірімізben пікір алmasып, дөңгелек үстел откізілетінін айтты.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы" (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы) негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын айтып, педагогтармен пікір алмасты.

Жарыссеңзге шыққандар: ортаңғы «Балапан» және «Балбөбек» тобының тәрбиешілері өздері тәрбиешілік қызмет атқаратын ортаңғы топ бүлдіршіндерінің жас ерекшеліктеріне сай үлгілік оку бағдарламасы бойынша қандай білім - біліктілік дағдыларын менгерулері қажет екенін және қандай күтілетін нәтижелерге жету керектігі жайлы ерекшеліктерін айтып берді.

Ересек «Звездочка» тобының тәрбиешілері ересек тобы бүлдіршіндеріне үлгілік оку бағдарламасы бойынша нені менгерту керек екені жайлы айтты. Мектепалды даярлық «Вишенка» тобының тәрбиешілері мектепалды даярлық тобының үлгілік оку бағдарламасының міндеттері жайлы сөйлемді. Дөңгелек үстелді қорытындылай келе жас ерекшеліктеріне сай үлгілік оку бағдарламасы бойынша бүлдіршіндерге нені менгерту керек екендіктері жайлы мәлімет алыш, оқып үйренді.

Сөйлемді : Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші

Наримбаева Улжалгас, «Баланың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары» тақырыбында баяндама оқыды.

Балаларға білім беруде, адамгершіліктің ең құнды қасиеттерін бойына сіңіріп тәрбиелеуде, білім мекемелерінен, ұстаздардан, әрине ата-аналардан шығармашылық себептерді талап етеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Мектепке дейнгі тәрбие бағдарламасы балалардың жан-жақты дамуын, олардың мектепке деген дайындығын қарастырады. Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу-отбасы мен балабақша қызметкерлерінің бірден-бір парызы. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, ұлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола біletін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптас-тыруда халық педагогикасының маңызы зор. Еліміздің ертеңі-бүгінгі булдіршінді тәрбиелеу-ең негізгі мәселелердің бірі. Оны шешудің басты бір тармағы-эстетикалық тәрбиенің дұрыс қолға алынуы.

Эстетикалық тәрбиеде ерекше роль бейнелеу өнерінің еншісіне тиеді.

Бейнелеу өнері тәрбие құралы ретінде баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуына тікелей әсерін тигізеді. Бейнелеу іс-әрекеті кезінде баланың ақыл ойы жетіледі, адамгершілік қасиеттері, жағымды мінезд-құлқы ерекше-ліктері қалыптасады, көтерінкі көңіл-күй пайда болады. Олар болмысқа эстетикалық көзқарастарды қалыптастыратын сезімдерге біrtіндеп ауысып, қунделікті өмірден, әсемдік пен сұлулықты қабылдау арқылы көркем өнердің алғашқы дағдыларына жаттықтырады. «Тәй-тәй» бағдарламасының авторлары: «Балалар арасындағы ортада өзара байланыс бар, егер олардың оку барысын ішінана тартса, сана-сезімі, ойлау қабілеті одан әрі дамиды», - деген корытындыға келіп, тәрбиенің жаңа ұлгісін құрастырды. Мұқият ойластырылған білім беру ортасын балалардың әлемді зерттеуіне, ынтасын көрсетіп, шығармашылық өнерлерін көрсетулеріне жағдай туғызады.

Балалардың саусақпен, губкамен сурет салып, жұмыс істеуі саусақ моторикасының дамуы және тілінің дұрыс қызмет атқаруына әсер етеді.

Баланың жан-дүниесі рухани жағынан нәр алып, оның айналадағы органды тану мүмкіндігі арта түседі. Алғашында бейнелеу өнерінің түрлері туралы түсініктер беріледі. Сурет салуға бейімдеу арқылы мүсіндеу, жапсыру арқылы сәндік қолданбалы өнерге, құрастыру сабағы арқылы сәүлет өнерінің қыр-сыры жайында алғашқы түсінік беріледі дей келе өз баяндамасын аяқтады.

Сөйлемді: Күн тәртібіндегі тәртінші мәселе оку - тәрбие жұмыстарының өткізуле барысы туралы бөбекжайдың әдіскері Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлемді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттермен мен тәрбиелік іс-шаралардың барысын бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшиліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе, қунделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің өткізуле бақылап жүргенін айтты. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер барлық топта өткізуле. Егерде тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне дайындығы төмен, көрнекіліктері дайын болмай қалған жағдайлар кездессе,

тәрбиешілерге сол уақытта ұсыныс, ескерту айтылады деп, күнделікті үйымдастырылған іс-әрекеттерінің өткізілу барысы туралы айтты.

Сөйлемді: Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша менгеруші **Тургунбекова Ақмарал Есиркеңкызы** сөйлеп, дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру қорытындысы туралы айтты. Дидактикалық ойындар жиынтығының картотекасын әр топ тәрбиешілері жас ерекшеліктеріне сай дайындағанын және қолданылатын құрал – жабдықтары папкаларға салынып ұқыптылықпен дайындалғанын айтты. Мектепке дейінгі үйымдардағы жүргілетін оқу-тәрбие жұмыстарында ойын әдісінің маңыздылығын айта келе, картотекаларға жақсы баға берді. Кейбір ойын құралдарының толық еместігіне толықтыруға ұсыныс айтты.

Жарыссөзге шыққандар: әдіскер Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, көмеге қойылған дидактикалық ойындарға жақсы деген баға беріп, әлі де толықтыруды және жаңаша ойындар қосу керек екенін айтты.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

- 1.№3 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы «жақсы» деп бағалансын.
- 2.2020жылғы 24-қыркүйектегі № 412 бұйрықпен бекітілген «Ұлгілік оқу бағдарламасын» оқып үйрену жалғастырылсын.
3. «Баланың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары» атты баяндамада айттылған кеңестер оқу қызметтерінде қолданылсын.
- 4".Оқу - тәрбие жұмыстарының өткізілу барысы «жақсы» деп бағалансын.
- 5.Дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру қорытындысы «жақсы» деп бағалансын.

Педагогикалық



А.Е.Тургунбекова

А.Е.Бектемирова

Педагогикалық кеңестің хаттамалары (ПК)

№5 хаттама

Откізілген орны: «Бәйшешек» бебекшайы

Откізілген күні: 29.05.2023 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 11 адам

Қатысқаны: 11 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1. Откен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп**
- 2 .2022- 2023 оку жылының қорытындысы**
- 3. Балалардың - Физикалық қасиеттерді дамыту;**
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша балалардың – мониторинг қорытындысы
- 4. Педагогтардың біліктілік санатына өтініштерін қабылдау**
- 5.Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын талдау, бекіту**

Сөйлемді: педагогикалық кеңесті бөбекжай менгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркепқызы ашып, күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстыруды.

Откен №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы сөйлемді. Бөбекжайда оқыту және тәрбиелеу жұмыстары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың улгілік бағдарламасы бойынша жүргізіліп жатқанын айттып өтті.

Тындалды : күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, 2022-2023 оку жылында жүргізілген оку тәрбие жұмыстарының қорытындысы туралы айтты. Оку жылында педагог кадрлармен, балалармен жүргізілген жұмыстар жылдық жұмыс жоспары бойынша толық өткізілді. Оку жылына алынған мақсаттар мен міндеттер бойынша педагогтар :баяндамалар, кеңестер оқып, тренингтер жүргізіп, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін, ертенгіліктер, ойын-сауықтар өткізіп жоспарға сай жұмыстар жүргізгенін айттып өтті.

Жарыссе зге шыққандар: бөбекжай менгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркепқызы сөйлеп, биылғы 2022-2023 оку жылындағы атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға беріп, педагогтарға шығармашылық ізденіс пен табыс тіледі.

Сөйлемді : күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова Ақбота сөйлеп, балалардың
-Физикалық қасиеттерді дамыту;

- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша қорытынды мониторинг нәтижесі туралы сөйлемді.

Балалардың білім күнделікті үйымдастырылған іс-әрекеттерінің өткізіліп отыруына және талапқа сай жүргізуіне байланысты жақсы көрсеткіштер көрсеткенін айта келе қабілеті төмен балалармен жеке жұмыстар жүргізілгенін айтты.

Сөйлемді : күн тәртібіндегі тәртінші мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркеңкызы сөйлеп, тәрбиешілер: Жұнисбекова Ақидар, Қанапиянова Алия тәрбиеші лауазымы бойынша педагог-модератор санатына, Спатаева Айнурды педагог-сарапшы санатына аттестаттау үшін Жұнисбекова Ақидар, Қанапиянова Алия және Спатаева Айнурдың өтініштерін қабылдаймыз.

Сөйлемді : күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота сөйлеп, жаз мезгілінің күн тәртібімен және ойын-сауық жоспарымен таныстыруды. Педагогтар жаз мезгілінің сауықтыру іс-шараларының жоспарымен танысып, өз ойларымен белісті.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімінін орындалуы «жақсы» деп бағалансын.
2. 2022- 2023 оқу жылында жүргізілген жұмыстар «жақсы» деп бағаланып, келесі жаңа оқу жылының міндеттері қорытынды бойынша алынсын.
3. Балалардың -Физикалық қасиеттерді дамыту;
 - коммуникативтік дағдыларды дамыту;
 - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
 - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
 - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша қорытынды мониторинг нәтижесіндегі балалардың білімінің қорытындысы «жақсы» деп бағаланып, оқу тәрбие жұмыстары жалғастырылсын.
4. Педагогтардың біліктілік санатына өтініштері қабылдансын.
5. Жазғы мезгілінің күн тәртібіндегі ойын-сауыктар жоспарлары бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің шешімінің 5-ші маусымынан бері

А.Е.Тургунбекова
А.Е.Бектемирова

